АБАЙ ОБЛЫСЫ

АЯГӨЗ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ

ОБЛАСТЬ АБАЙ

АЯГОЗСКИЙ РАЙОННЫЙ МАСЛИХАТ

ШЕШІМ

2023 жылғы 7 желтоқсандағы

Аягөз қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 9/136-VIII

город Аягоз

Аягөз аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 20/383-VII «2023-2025 жылдарға арналған Аягөз ауданының бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Аягөз аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Аягөз аудандық мәслихатының «2023-2025 жылдарға арналған Аягөз ауданының бюджеті туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №20/383-VII шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2023 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 20926129,4 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 14805518,6 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 84870,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 17160,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 6018580,8 мың теңге;

2) шығындар – 21916043,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – -260047,0 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 41400,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 301447,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 729867,2 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 729867,2 мың теңге, соның ішінде:

қарыздар түсімі – 441400,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 301447,0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 589914,2 мың теңге.»;

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

0004

«3. 2023 жылға арналған Аягөз ауданының атқарушы органының резерві 13836,7 мың теңге сомасында бекітілсін.».

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аягөз аудандық
мәслихатының төрағасы **А. Ибрайшин**

Көшірмеге дерек